



Облыс орталығында инклюзивті спорт орталығы ашылды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

13 қаңтар
сейсенбі
№3 (2215)
2026 жыл

апталығы

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



— Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Түркістан» газетінде жарық көрген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында: «Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркеніетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты», — деп атап өтті. Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, жерлеріміздің бекем бірілігінің арқасында байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Міне, бүгін өздеріңізбен бірге «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынған ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған инклюзивті спорт орталығын ел игілігіне табыстаймыз. Жобаны іске асыруға 2 млрд 900 млн теңге бөлінді.

Мұнда спортшыларымызға арналған волейбол, күрес, жалпы дене дайындығын жасауға арналған залдар қарастырылған. Бір мезетте 131 адамның спортпен жүйелі шұғылдануына мүмкіндік жасалған. Аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға қосқан елеулі үлесі үшін Ләззат Алтынбекқызы басқаратын «Қазақстан халқына» қоры ұжымына Сыр жұртшылығының атынан шынайы ризашылығымызды, зор алғысымызды білдіреміз, — деді облыс әкімі.

Салтанатты шарала саланың дамуына елеулі үлес қосқан спортшылар мен инклюзивті спорт орталығын сапалы етіп салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»



«СЫР ЖАСТАРЫ»: 100 ЖАС ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Облыста жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар аясында тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Нәтижесінде жас отбасылар баспанаға қол жеткізуде. Өткен аптада «Сыр жастары» өңірлік бағдарламасымен 100 жас отбасыға пәтер кілті табысталды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты


мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаева, құқық қорғау органдары мен жауапты салалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

ЖАҢА ЕРЕЖЕ: салық жеңілдігі алып тасталды



Жаңа жылдан бастап жеке табыс салығын есептеу тәртібі өзгерді. Бұрын көпбалалы аналар салықтан босатылған еді. Сонымен бірге несие төлейтіндер де салықтан босатылған еді. Жыл басынан бастап жаңа ереже бұл жеңілдікті алып тастады.

ЦИФРЛЫҚ БӘСЕКЕ НЕМЕСЕ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕМІЗ?



Өткен жыл Қазақстан үшін цифрлық технологиялар дәуіріне бетбұрыс кезеңі болды. Мемлекеттік қызметтен бастап ауыл шаруашылығына дейін цифрландыру мен жасанды интеллект енгізу қарқынды жүріп, нәтиже бере бастады. Жыл қорытындысында жүргізілген әлеуметтік сауалнамада халықтың 81 пайызы цифрландыру нәтижесінде анықтама алу, өтім беру және түрлі қызметтерді пайдалану бұрынғыдан әлдеқайда ыңғайлы болғанын атап өтті. Бұл – цифрлық қызметтердің тек технологиялық жаңалық ғана емес, мемлекет пен халық арасындағы өзара байланыстың жаңа деңгейге көтерілгенінің көрінісі. Елдегі цифрландыру халықаралық рейтингтерде де айқын. Қазақстан БҰҰ-ның электрондық үкімет даму индексіне 193 елдің ішінде 24-орынға шығып, онлайн-қызмет көрсеткіштері бойынша әлемнің алғашқы ондығына енді.

Президенттің тікелей бастамасымен құрылған Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі осы жетістіктерді жүйелі түрде жалғастырып, цифрлық трансформацияны үйлестіруші басты органға айналды. 2025 жылдың басты ерекшелігі – мемлекеттік басқару мен білім беру салаларын ЖИ негізінде трансформациялау жолға қойылып, сол арқылы реттеуші нормалар, инфрақұрылым және кадр даярлау жүйесі жаңа сатыға көтерілді.

Президент жаңа жылдағы құттықтауында Қазақстанның келешегін «цифрлық мемлекет» ретінде көретінін мәлімдеп, 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Цифрландыру жылы қандай өзгерістер мен бастамалар болмақ? Бұл сұраққа жауап беру үшін жаһандық және аймақтық жаңалықтарды саралап көрдік.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ



Соңғы жылдары мемлекет денсаулық сақтау саласына және медицина қызметкерлеріне нақты қолдау көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде сала мамандарының жалақысы өсіп, қоғамдағы мәртебесі артты. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» газетіне берген сұхбатында денсаулық сақтау нысандарының көбеюі медициналық көмектің тиімділігін арттыратынын атап өтті. Бұл алғашқы медициналық-санитариялық көмекті күшейтіп, медициналық инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді.

НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ ТӨМЕНДЕДІ



Елімізде несие нарығы бойынша жаңа шектеулер пайда болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Ұлттық банкпен бірлесіп, банктік несиелер мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті деңгейін төмендетті.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Қала мен ауыл арасындағы алшақтық азайды

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Денсаулық сақтау министрлігі пациентке бағдарланған, медициналық көмектің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған саланы жаңғырту және дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруда. Бұл туралы денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев мәлімдеді.

– Президент тарапынан дәйекті қолдаудың арқасында денсаулық сақтау саласына жұмсалатын мемлекеттік шығындар соңғы жылдары үш есеге жуық өсіп, 2025 жылы 3 трлн теңгеге жеткен. Бұл медициналық көмектің көлемін едәуір кеңейтуге, инфрақұрылымды ауқымды түрде жаңғыртуға және медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға мүмкіндік берді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асып жатқан ауылдың денсаулық сақтау саласын жаңғырту жөніндегі ауқымды жоба аяқталуда. Қазірдің өзінде ауылдық жерлерде 650-ден астам медициналық нысан пайдалануға берілді, бұл қала мен ауыл арасындағы алшақтықты едәуір азайтты, – деді Тимур Сұлтанғазиев.

Сонымен қатар соңғы уақытта босандыру және педиатрия тарифтері көтеріліп, аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға және медициналық қызметтердің сапасын арттыруға ерекше назар аударылған. Клиникалық бағыттарда елеулі жетістікке қол жеткізді, ана мен баланың денсаулығын сақтау жүйесі нығайтылды. Одан бөлек, онкологиялық қызмет

Басы 1-бетте

белсенді дамып келеді. Дәрілік саясатқа деген жанаша көзқарас дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің тұрақтылығын арттырып, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік берді.

Вице-министрдің сөзіне сүйенсек, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгілеп берген стратегиялық басымдық ретінде цифрландыруға ерекше назар аударылады. Салада «eDensaulыq» эжәжүйесі қалыптасып келеді. Дәрігерді қолдау және медициналық көмектің сапасын арттыру құралы ретінде жасанды интеллект негізіндегі шешімдер енгізілуде.

Дәрігерлер заңмен қорғалады

Ел Президенті Қасым-Жомарт-Тоқаев медицина қызметкерлерінің құқығын қорғауға көп көңіл бөледі тапсырғаны белгілі. Осыған орай, жақында Парламентте Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген медицина қызметкерлерін



қорғау туралы заңнамаға енгізілген түзетулерді мақұлдады. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты жасалған зорлық-зомбылық үшін жеке қылмыстық жауапкершілік енгізіліп жатыр, сондай-ақ дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру тетігі іске қосылды. Заң бойынша дәрігерге немесе медбикеге қол көтеру, қорқыту үшін жаза күшейтілді. Бұл медицина қызметкерлерінің өз жұмысын қорықпай, сенімді атқаруына көмектеседі.

Медицина қызметкерлерінің еңбекақысы көтеріледі

Медицина саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – кадр тапшылығы. Осы мәселені шешу мақсатында 2025 жылдан бері дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен арттыруды алға қойды.

– 2026 жылдан бастап инфекциялық қызметтер мен жедел медициналық жәрдем қызметкерлерінің жалақысын арттыру қарастырылған, ал дәрігерлерге қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтіледі. Сақтандыру моделіне көшуді, халықты қамту көлемін кеңейтуді және медициналық қызметтер сапасын мемлекеттік бақылауды қалпына келтіруді көздейтін Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру жөніндегі заң қабылданды, – деді Тимур Сұлтанғазиев.

Денсаулық сақтауды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы және медициналық көмектің сапасын басқарудың кешенді жоспары әзірленді. Бірінші вице-министр атап өткендей, қабылданып жатқан шаралар айтарлықтай нәтиже бере бастаған. Мәселен, халықтың болжамды өмір сүру ұзақтығы 75,8 жылды құрап, өлім-жітім көрсеткіштері төмендеген. Жалпы өлім-жітім 2,6%-ға, нәресте өлімі 18%-ға қысқарған. Осылайша, елімізде медицина саласына жүйелі түрде қолдау көрсетіліп келеді. Бұл – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, дені сау ұлт қалыптастыру және медицина қызметкерлерінің еңбегін лайықты бағалау. Демек, алдағы уақытта денсаулық сақтау саласы жана кезеңге қадам басыры анық.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«СЫР ЖАСТАРЫ»: 100 ЖАС ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Аймақ басшысы жана пәтер иелерін қоныс-тоймен құттықтап, өңірлік бағдарламаның тиімділігін атап өтті.

– Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еңбек жолын енді бастаған жастардың бірден пәтер сатып алуы оңай емес. Сондықтан жастардың баспана алуына жан-жақты жағдай жасау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі», – деген еді.

Бүгінде облысымыздағы жастар саны – 250 мыңға жуық, яғни аймақ халқының 30%-ы. Өткен жылы жастар саясатын дамыту мен қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд 105 млн теңге бағытталды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына 1 млрд 200 млн теңге, «Отбасы банк» тарапынан 500 млн теңге, жобаларды қолдау мен жүзеге асыру үшін 310 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. «Сыр

жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы 2023 жылы қабылданды. 2024 жылы 100 жас отбасы баспаналы болды. Жастарды мемлекеттік қолдаудың айқын дәлелі ретінде бүгін 100 пәтерлік 2 тұрғын үй білім, медицина, мәдениет, спорт, қаржы, әлеуметтік салаларда қызмет ететін жас отбасыларға табысталуда. Жана баспаналарыңыздың іргетасы берік, әр шаңырақтың іші татулық пен берекеге толы болғай!, – деді Н.Нәлібаев.

Жиында тұрғын үйлерді салған мердігер мекеме «Nur V group» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бағдарлама аясында баспаналы болған жас маманның бірі – Арайлым Машарапқызы.

– «Сыр жастары» бағдарламасына құжат тапсыру басталған сәттен құжаттарымды дайындап, қатысуға бел будым. Кез келген жас өз саласында адал еңбек етсе, сол арқылы

мақсаттарына жете алады деп ойлаймын. Мен де өз мамандығым арқылы осы бағдарламаға қатысып, пәтер кілтін алдым. Бұл – тек жеке жетістік емес, жас мамандарға берілген үлкен сенім. Жаңа қонысымыз берекелі, шаңырағымыз шаттыққа толы болсын! Бұл қуаныш барша жас мамандарға жұғысты болғай! – дейді Арайлым Машарапқызы

Облыста тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік-әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталса, соңғы 3 жылда алғаш рет барлық ауданда 1800-ге жуық жаңа пәтер берілген.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

Басы 1-бетте



БРИФИНГ

ЖАППАЙ МАЛ АУРУЫ ТАРАДЫ МА?

Соңғы күндері Жалағаш ауданы тұрғындарын төрт түліктен жұқпалы ауру тарады деген ақпарат дүрліктірді.

Мал шаруашылығы тіршіліктің өзегіне айналған халық үшін бұл елең еткізер жағдай екені белгілі. «Мал саулығы – ел саулығы» деп санаған жұрттың алаңдауы да орынды. Осыған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өтті.

Брифингке облыстық ветеринария басқармасының басшысы Шахмардан Сұлтанбекұлы қатысты.

Қаңтардың 5-і республикалық 31 телеарнасында «Жалағашта жаппай мал қырылып жатыр» деген ақпарат таралды. Аудандағы мал ауруы туралы оқиғаға Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы, ветеринариялық станция мамандарынан құралған арнайы топ өкілдері жеке тұлғаға тиесілі аумаққа барып, тиісті

зерделеу жұмыстарын жүргізген. Малдың жай-күйін анықтау мақсатындағы зерттеу барысында ауырды деген малдардан қан сынамалары алынған. Ауа райының күрт суытқанынан төрт түліктің жай-күйі төмендеді деген күдікпен олардың жем шөп, суынан да сынамалар алынып зертханаға өткізілді. «Жаппай мал ауруы болып жатыр» деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейді» – деген Шахмардан Қойшыбаев қазіргі таңда эпизоотиялық ахуал тұрақты екендігін жеткізді.

– Жалағаш кентінің тұрғындары Ф.Бейсенованың 8 бас мүйізді ірі қарасы мен Қ.Жолдыбаевтың 7 бас мүйізді ірі қара малдары арнайы базаға тіркеліп, аса қауіпті ауруларға қарсы алдын ала екпе егілген. Бұл ретте бейнекөрсетілме айтылғандай, мал жаппай қырылып, шығын орын алмаған. Қазіргі таңда күлдірік стоматит, вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, аусылдың құрылымсыз ақуызы ауруына сынама алынып ветеринариялық зертханаға өткізілді. Аталған

аурулардың клиникалық белгілері бір-біріне ұқсас. Ветеринар мамандар шұғыл әрекет жасап, мал иелерінің қора жайларына залалсыздандыру жұмыстарын жүргізді, – деді ол.

Осы мәселеге байланысты қаладағы төрт түліктің жай-күйі туралы қалалық ветеринария станциясынан сұрап білдік. Қызылорда қаласында аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында 10 түрлі жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен өткен жылы 266,9 мың доза ветеринариялық препараттар ауылдық округтер мен кенттер бойынша егу жұмыстары жүргізілген. Малға уақыттылы егу, ветеринарлық паспорт беруді, тағы да басқа жұмыстарды оңтайландыру үшін «Tort Tulik» мобильді қосымша іске қосылған.

– Осының арқасында ветеринарлық профилактикалық іс-шараларды толық көлемде жүргізуге мүмкіндік алып отырмыз. Қала бойынша эпизоотиялық ахуал тұрақты. Алдағы уақытта ветеринариялық бақылаудан өткен етті сату және сатып алу үшін «Tort Tulik» қосымшасына «sogym.kz» бөлімі ашылады. Сондай-ақ «vet.market» бөлімі арқылы ветеринариялық қызметтерді алу және жариялау мүмкіндігі туады. Бұл қосымша мал шаруашылығымен айналысатындар үшін ақпараттық жаңашылдық десем артық айтқаным емес. Қосымшада ветеринария саласының соңғы жаңалықтары мен алдағы егу жұмыстары тағы да басқа ақпараттар жарияланады, – дейді қалалық ветеринария станциясының басшысы Бауыржан Жәдігеров.

Думан КЕЦШЛІК

ТЕҢГЕ

НЕСИЕ ПАЙЫЗЫ ТӨМЕНДЕДІ

Жаңа шешімге сәйкес сыйақы мөлшерлемесі кепілсіз банктік несиелер бойынша ең жоғары 46 пайыз боп бекітілді. Бұл көрсеткіш бұған дейін 56 пайыз деңгейінде болатын. Аталған талап 1 шілдеге дейін қолданылады. Осы уақыт аралығында кепілмен берілетін несиелер бойынша шекті мөлшерлемесі 35 пайыз, ал ипотекалық тұрғын үй қарыздары үшін 25 пайыз деңгейінде белгіленді. Сонымен қатар микроқаржы ұйымдары ұсынатын микрокредиттер бойынша артық төлемнің ең жоғарғы шегі қысқартылды. Атап айтқанда, мерзімі 45 күнге дейін және сомасы 45 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредит үшін сыйақы мөлшері 0,3 пайыздан, ал жылына 179 пайыздан аспауы тиіс.

Мамандардың айтуынша, бұл уақытша сипатқа ие болса да, экономикалық тұрақтылыққа бет алған қадам ретінде көруге болады. Мұндай шектеулер арқылы нарықта инфляциялық қысым бәсеңдеп, базалық

Басы 1-бетте

ЖАҢА ЕРЕЖЕ: салық жеңілдігі алып тасталды

Елімізде ипотека төлейтіндер үшін салық шегерімі 2019 жылдан бері қолданыста. Жеке табыс салығының сомасын азайтатын тетікке айналған салықтық шегерім қызметкердің табысын көбейтуге септігін тигізген еді. Мұндай жүйе арқылы орта есеппен 50 мың теңгеге дейін үнемдеуге мүмкіндік болатын. Алдымен мұндай жеңілдікке сол кездегі тұрғын үй құрылыс жинақ банкі берген несиелер ие болды. Содан соң жаңа заңның қолдану аясы кеңейіп басқа да банктерден алынған несиелер бойынша салық шегерімін қолдануға рұқсат етілді. 2025

Биылдан бастап көпбалалы отбасылар мен ипотекалық несиесі төлейтіндерге салықтық жеңілдіктер тоқтатылды. Оның орнына жалпыға ортақ базалық салық шегерімі ұлғайды. «Енді есепшілерге жалғайын құжат жинаудың қажеті жоқ», – дейді құзырлы мекемелер. Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, салық заңнамасындағы жеңілдіктер оңтайландырылып, басымдық базалық шегерімге берілді. Жаңа ереже бойынша жұмыс істейтін барлық азаматқа ортақ базалық салық шегерімі 30 айлық есептік көрсеткішке



жылдың басынан бастап салық кодексіне өзгеріс енгізілген еді. Онда ипотека бойынша салықтық шегерім барлық банк несиелеріне бірдей қолданылатын болды. Яғни тек Отбасы банкімен шектелмей, басқа да банктерден алынға ипотекалық несиесі алғандар жеңілдікке ие болды. Бұл шара мемлекет тарапынан тұрғын үй жинақ жүйесін қолдау және азаматтарды баспаналы болуға ынталандыру мақсатында жасалған еді. Тіпті коммерциялық банктерден жоғары пайызбен үй алған азаматтар қолдауға қол жеткізді. 2026 жылдың басынан бастап мұндай жеңілдік толықтай жойылды.

Басы 1-бетте

Думан РАХЫМЖАНҰЛЫ




[illegible]

жана технологияны дамытуға ұмтылысының дәлелі. 2026 жылы осы құқықтық негіздер іс жүзінде іске асып, ЖІІ шешімдерін экономикаға ендіру барысы жеделдей түседі деп жоспарлануда.

[illegible]

Саладағы цифрлық серпіліс

Мемлекеттік қызметті тәртібін астамы
цифрлық саланың күн тәртібінде астамы
мемлекеттік қызметтің 90 пайыздан астамы
форматқа көшті. Азаматар үшін электронды
үкімет порталы (eGov.kz) мен eGov Mobile мо-
бильді қосымша негізгі құралға айналды. 2025
жылдан бері халық 51,5 миллионнан астам қыз-
метті онлайн алып, оның жартысына жуығы мо-
бильді қосымша арқылы жүзеге асты. eGov
kz порталының тіркелген пайдаланушылары
15,1 миллионнан асып, тек 2025 жылы жүйге
610 мың жаңа қолданушы азаматар саны
Mobile-ды тұрақты қолданушы азаматар саны
арқылы алынатын анықтамалар мен қызметтер енді
смартфон үнемдеуге жол ашты. 2025 жылы eGov Mobile
қосымшасы қайта жаңарды. Басты ерекшелігі – жасады
интеллектуальді негізделген eGov AI интеллектуалды іздеу жүйесі
іске қосылды. Бұл жүйе пайдаланушыларға қажетті мемлекеттік
қызметті не ақпаратты сұрау арқылы тез табуға мүмкіндік береді,
яғни электрондық үкіметті пайдалану тиімді жеңілдей түсті.



Жасанды интеллект калай сабак береді?

[illegible]

«Ақылды ферма» немесе цех
диқанға көмегі

[illegible][illegible][illegible]

Қауіпсіздік және киберқорғаныс

[illegible][illegible]

Әлемдік трендтер бүкіл
сынан, 2023-2025 жылдары интеллект
технологиялар жасауды өмірдің
бөлішесіне айнала бастады. OpenAI
шығарған ChatGPT сияқты ірі тілдік
модельдер танымал болып, бизнесмен
білімге дейінгі салаларда қолданылуа.
Көптеген ел ұлттық деңгейде ЖИ
стратегиясын әзірлеуде. Мысалы, Еуропалық
Базарлар заңы AI Act (ЖИ туралы заң)
Одақ 2025 жылы 2026-дан бастап күшіне
жобасына кіреді, бірінші сияқты заңдардың
енгізбек, бұл әлемдегі миллиардтаған
реттеуге арналған зерттеулеріне миллиардтаған
бірі. АҚШ, Ұйғар, Жапония қауымдастық ЖИ
жасауды интеллект жұмыс орындарының
доллар жұмысауда. Жаңалықты жұмыс орындарының
этикасы, деректер құпиялығы, deepfake (жалған бейне-аудио)
автоматтандырылды, өсіріледі. Яғни, бір жағынан жасауды
алаңдаушылық білдіреді. Әсіресе, екінші жағынан оны
интеллект мүмкіндігі өссе, өкініші жағынан туындап
жауапкершіліктен қауіпсіз пайдалану сұранысы бәсеке
отыр. Оттандық Азия аймағында да цифрландыру бәсеке
отыр. Қазақстанмен қатар Өзбекстан, Қырғызстан
2023 жылғы президенттің 2023 жылғы
және цифрландыру және цифрландыру қабы

[illegible]

Цифрлық медицина дәуірі

Денсаулық сақтау саласындағы асер-
тапасын арттыруға тікелей «қағазсыз қа-
жылы медицина саласында электронды емхана мен
және емдеу процесін электронды жүйеге дайындау жүргі-
енді деуге болады. Жыл басынан ақ барлық елімізде
электронды денсаулық паспорттарын енгізуге дайындалып келеді.
Нәтижесінде, 2025 жылдың алғашқы алты айында елімізде
миллионда жуық медициналық қызмет көрсетіліп
жалпы көрсетілген цифрлық идентификация жүйелері түсі. 202
мекемелерінде цифрлық идентификация жүйелері түсі. 202
пациенттерді Face ID және басқа да биометриялық үй
наукастарды сәйкестендіріп, қанетіліп, медициналық үй
арқалы қажетті веб-камералардан өткен пациент
80%-ы қажетті веб-камералардан өткен пациент
цифрлық идентификациядан өткен пациент
79%-ға жетті. Бұл науқастарды емдеу
тіркеу және ауру тарихын
қателіктері азай-
қорсету жиы-
тыр

Цифрлық теңгенің тиімділігі

Цифрлық технологиялар өнеркәсіптің дамуына да елеулі өзгерістер әкелді. Ең алдымен, бұл нарыққа ғана қызмет көрсететін елдің ішкі нарыққа маңызды салаға айналуымен байланысты. Цифрлық шешімдер және бағдарламалық өнімдер өнім шығарушылар арасындағы байланысты нығайтты. Цифрлық шешімдер және бағдарламалық өнімдер өнім шығарушылар арасындағы байланысты нығайтты. Цифрлық шешімдер және бағдарламалық өнімдер өнім шығарушылар арасындағы байланысты нығайтты.

Қайыңсіздік және киберкорға

Цифрлық даму қарқыны артқан сайын ақпараттық қауіпсіздік пен жалпы қауіпсіздік мәселелері күн тәртібіне кіріп, 2025 жылы Қазақстан бұл бағытта да елеулі жетістіктерге жетті. Халықаралық электрбайланыс ұйымының (ITU) Ғаламдық киберқауіпсіздік Тегеран одағының Қазақстан өз ұстанымын нығайтып, Тегеран декларациясында әлем бойынша 3-орынға 2-Advancing сауаттылық, бірақтар дамыған елдерді көтерді. Бұл – еліміздің киберқауіпсіздік деңгейі 86%-ға жетті, бұл өткен жылдармен салыстырғанда басым озғанын жасады. Халықтың цифрлық қауіпсіздік бойынша сауаттылық деңгейі 86%-ға жетті, бұл өткен жылдармен салыстырғанда жоғары көрсеткіш болып отыр. Яғни, азаматтардың басым бөлігі финтех, вирустар, әлеуметтік инженерия сияқты интернет қатерлерін танып, олардан қорғану дағдысын меңгере бастаған.

Мұндай нәтижеге жетуіе ақпараттық ағарту және ақпарат алу шаралары ықпал етті. 2024 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «CITIZENSEC.KZ» және «NOMADGUARD.KZ» қорғаныс платформалары арқылы онлайн-платформалар астам адамдарды мұндай тәртіптер күшіне кіргізді. Бір миллионнан астам адам қауіпсіздік және киберқауіпсіздік қорғауды үйренді.

София ХАЙРУЛЛА

Цифрлық технологиялар Қазақстан экономикасының құрылымына да елеулі өзгерістер әкелуде. 2025 жылы IT-сектор елдің ішкі нарыққа ғана қызмет көрсететін деңгейден экспортқа өнім шығарушы маңызды салаға айналу үрдісін жалғастырды. Цифрлық шешімдер және бағдарламалық өнімдер дайындайтын қазақстандық компаниялар шетелдік нарықтарда бәсекеге түсе бастады.

